

Хабарландыру

Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы №103 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнаманың шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін іске асыру арқылы нарық субъектісін құру туралы мүддесін білдіруін сұрату мақсатында, «Түркістан сарайы» концерттік ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жанадан құрылатыны туралы хабарлайды.

Кәсіпорын қызметінің мәні - мәдениет саласында өндірістік – шаруашылық қызмет көрсету.

Кәсіпорынның мақсаты мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, музыка өнерін дамыту, жаңа дарынды тұлғаларды таныту және отаншылдық пен Отанға деген сүйіспеншілік идеясы негізінде Қазақстан халқының мәдениетін өзара байыту мен жақындастыруға барынша ықпал ету.

Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) қалалық, республикалық және халықаралық ауқымда мәдени бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және оларды өткізуге тікелей қатысу;

2) көркем шығармашылықтың жаңа түрлерін енгізу, дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу;

3) мәдени қызметтерін ақылы көрсету;

4) мәдени демалысын ұйымдастыру;

5) салт-дәстүрді және өнерді насихаттап, жандандыру жұмыстарын жүзеге асыру;

6) әр түрлі жанрлар бойынша фестивальдер, байқаулар ұйымдастыру;

7) өнер шеберлерінің талантын шыңдау, өсіру;

8) мемлекеттің мәдениет пен өнер, шығармашылық-сахналық және шығармашылық - көркем өнер қызметі саласындағы саясатын іске асыру;

9) Қазақстан Республикасының, алыс және жақын шет ел халықтарының мәдени дәстүрлерін дамыту мен байыту;

10) Қазақстан Республикасының танымал қайраткерлерінің шығармашылық және еске алу кештерін өткізуді ұйымдастыру;

11) музыка өнерін насихаттай отырып, демалыс қызметі мен көркемдік шығармашылықтың жаңа түрлерін дамытуды ұйымдастыру, халықты эстетикалық тәрбиелеуге көмектесу;

12) түрлі іс-шараларды өткізуге, шығармашылық кездесулерді, концерттерді және басқа да ойын-сауық іс-шараларын заңнамаға сәйкес ұйымдастыруға көмек көрсету;

13) орындаушылық хореографиялық ұжымдардың жұмыс жасауын қамтамасыз ету;

14) қызметтік ғимараттарды және оларға жақын жатқан аумақты пайдалануды жүзеге асыру, оның ішінде оларды жалға беру.

Кәсіпорынның құрылтайшысы - Шымкент қаласының әкімдігі.